



Автор: АБЖАНОВА АСЕЛ КАЙРУЛЛОВНА

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

Тақырып: Мен және табиғат. К дыбысы мен әрпі


Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.
Сабақтың мақсаттары	Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
Жетістік критерийлері	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	Музыка сабағы, көркем еңбек, дене шынықтыру.
АКТ қолдану дағдылары	Аудиожазба, таныстырылым.
Тілдік құзыреттілік	Мен және табиғат. К дыбысы мен әрпі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру (5 минут)	Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. – Бүгін біз «Ғажайыпстанға саяхатқа» шығамыз. Балапан телеарнасында болатын мультфильмдерді көресіңдер ме? 1-тапсырма: «Жел аяқтың» (Пазлдарды ашу үшін шырын таяқшаларын алу арқылы жауап береді)	Шаттық шебері Екі жұлдыз, бір тілек

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (8 минут)	2-тапсырма: «Елдостың тапсырмасы» №1 Өлеңді тыңда. Аудио жазбаны тыңдау Ата ақылы. Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа, Үлкен болған кезінде Сыйлы болмақ өзі де. С.Мәуленов Бұл өлеңнің авторы С. Мәуленов туралы айту 3-тапсырма: «Аяжанның тапсырмасы» «Галереяға саяхат» ТЖ-әр топқа сурет беру сол суреттердің қарама-қарсы сөздерін тауып алу. (мысалы:кіші-?, ыстық-?,ескі-?)	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс  https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/syrbaj-maulenov-mening-respublikam-olengi Алақан арқылы бағалау https://bilimland.kz/kk/courses/mektepke-dajyndyq-alha-balaqaj/sojlejtin-suretter/zhattyhular/1-sozder-dybystar-zhane-elikteuish-sozder/lesson/10-antonimder
Сергіту сәті (1 минут)	«Кунфу» әдісі (Мұғалім сөйлемді оқып тұрады,оқушылар қимылмен тыныс белгілерді қойып тұрады) – Алақай,бүгін ашық сабақ! – Дауысты дыбыс қызыл түспен белгіленеді. – Сөз әріптен құралады ма? – Сөйлем сөзден құралады.	Балалар қимылды көрсетіп отырады
Қызықты тапсырма (8 минут)	4-тапсырма: «Мая апайдың тапсырмасы» №3 Еркіннің хатын тыңдап, сұрағына жауап іздеңдер. ЖЖ: Жеке тапсырмаларды орындау.	Бір-біріне смайлик жапсырады

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Аяқталуы (16 минут)	5-тапсырма: «Білімпаз атаның тапсырмасы» Баннерден жасалған кілемшеге асықты лақтырып, асық қай суретке түссе сол суреттің астындағы сұрақтарға жауап береді.) №4 Суретте бейнеленген заттардың әрқайсысын ата. Бұлардағы ортақ нәрсе не? 	Оқулық, дәптерлер. Қасықта смайликтер жапсырылған, сол смайликтер арқылы бағалайды.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 минут)	Рефлексия «Ұшақ ұшыру» (Әртүрлі түстегі ұшақтардың ішінде жапсырылған сөздерді оқып, бүгінгі өткен тақырыптар бойынша оқушылар сабақты қорытындылайды) «Бағдаршам»  Қызыл түс – «Мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ» Сары түс – «Көңіл-күйім жақсы, топтың көмегімен тапсырманы орындадым» Жасыл түс – «Мен бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл күйім тамаша» Оқушылар өздері жасаған бет-бейнелеріне қарап бір-біріне көңіл күйлерін айтады. (қуанышты, көңілді, көңілсіз, ашулы)	Өнер, музыка Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.